



# Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы  
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№9 (10 315)

6 наурыз

жұма

2026 жыл

aksuoniri@mail.ru

## СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ: РЕФЕРЕНДУМ – ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢІ

Бүгін Талдықорғанда Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Жетісу облысының жұртшылығымен кездесті. Сапар аясында өткен іс-шараларға «Жаңа Конституция – ұзақмерзімді дамудың берік негізі» тақырыбы арқау болды. Жергілікті шаруалар, өндіріс қызметкерлері, белсенді жастар, мәслихат депутаттары және этномәдени бірлестіктер өкілдерімен болған кездесулерде жаңа Конституция жобасының маңызды нормалары кеңінен талқыланды.

Сенат Төрағасы мәслихат депутаттарымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының өңірдегі өкілдерімен жүздесуде 15 наурыз күні референдумда қазақстандықтар ел болашағына қатысты маңызды шешім қабылдайтынын атап өтті. Ол конституциялық реформа елдің орнықты дамуы, демократиялық қағидаттарды нығайту және саяси жүйені кешенді жаңғырту жолындағы стратегиялық әрі тарихи қадам екеніне баса мән берді. Сондай-ақ, ұсынылып отырған өзгерістер Мемлекет басшысы бастамашы болған жаңғыртулардың дәйекті жалғасы екені айтылды. Палата Спикері бұл іргелі реформалар заманауи әрі тиімді мемлекеттік басқару үлгісін қалыптастыруға және билік институттарын жүйелі түрде трансформациялауға арналғанына да тоқталып өтті.

«Жаңа Конституция жобасына байланысты республикалық референдум – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елді ауқымды әрі жүйелі жаңғырту бағдарын іске асыру жолындағы тарихи кезең. Еліміздің болашағына қатысты маңызды шешімдерді азаматтардың таңдауына сүйене отырып қабылдау демократия қағидаттарына адалдықтың айқын көрінісі екені анық. Конституциялық реформаның басым міндеті – Тәуелсіздікті нығайту және азаматтардың әлауқатын арттыру. Осыған байланысты жаңа Конституция жобасында заң үстемдігі мен құқықтық тәртіпті күшейтуге, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін



қорғауға, сондай-ақ, елдің орнықты дамуына басымдық берілген», – деді Мәулен Әшімбаев. Сонымен қатар Сенат Төрағасы жаһандық сын - қатерлер мен халықаралық тұрақсыздық белең алған қазіргі кезеңде мемлекеттің құқықтық негіздерін жаңғыртудың маңызы арта түскеніне на-

зар аударды. Мұндай қадам Қазақстанның әлемдік үрдістерге бейімделуіне және құқықтық жүйесін жүйелі түрде нығайтуына мүмкіндік береді.

Конституция жобасында елдің одан әрі дамуының негізгі бағдарлары да нақты айқындалған. Атап айтқанда, адам капиталын дамыту, мемлекеттілікті, Тәуелсіздік пен егемендікті нығайту, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау басты басымдық ретінде белгіленіп отыр.

«Жаңа Конституцияның басты ерекшелігі оның адамға бағдарлануы екенін айрықша атап өткен жөн. Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін назар аудару мемлекеттік саясаттың өзегіне айналып отыр. Қазір Заң жобасында адам құқықтары декларативті ереже емес, маңызды қағидаттар және нақты міндеттер ретінде қарастырылған. Бұл – сапалы білімге қолжетімділік, тиімді денсаулық сақтау жүйесі, әлеуметтік қорғау және әр азаматтың өз әлеуетін іске асыруына мүмкіндік беру секілді бағыттарды қамтиды. Осы қағидаттарды жүзеге асыру барлық институттардың – Құрылтайдың, Үкіметтің, әкімдіктер мен мәслихаттардың, сондай-ақ, азаматтық қоғам өкілдерінің бірлескен күш - жігерін талап етеді. Мұндай қадамдар – ел игілігі жолындағы ортақ жауапкершіліктің жарқын көрінісі екені анық», – деді Палата Төрағасы.

Мәулен Әшімбаев Жетісу жастарымен кездесуде жас буынның реформаларды жүзеге асырудағы рөліне тоқталып, олардың белсенділігі мен конституциялық үдерістерге қатысуының маңызына назар аударды. Қолға алынған реформалардың нәтижелі іске асырылуы жас мамандардың кәсіби біліктілігімен тығыз байланысты. Осы орайда аналитиктердің жаңа буынның даярлау мақсатымен қолға алынған Сенат жанындағы Сарапшылар клубы мен Талдау мектебі жастар тарапынан үлкен қызығушылыққа ие екенін де айта кеткен абзал.



### КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛДАР

## БЕЙБІТ ИСАБАЕВ: ОБЛЫСТАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР ЖАҚСЫ ЖӘНЕ ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЖОЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ - 95%

Жалпы Жетісу облысы арқылы өтетін 1050 км республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 100 %-ды, жергілікті маңызы бар 3 мың км жолдар бойынша 95 %-ды құрайды. Бұл туралы бүгін селекторлық режимде өткен Үкімет отырысында автожол саласын дамыту туралы баяндаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев осылай деді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл көрсеткіштерге бірқатар жобаларды іске асыру арқылы қол жеткізілді, оның ішінде ірілері ретінде республикалық маңызы бар 498 км «Талдықорған - Достық», 248 км «Сарыөзек - Қорғас» және облыстық маңызы бар 132 км «Талдықорған - Балқаш көлі» бағытындағы автомобиль жолдарын жөндеу жобаларын атауға болады.

Өңір басшысының айтуынша, Жетісу облысы аумағында автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 4,0 мың км. Осы жолдардың нормативтік жағдайын қамтамасыз ету мақсатында өңірде 2024 жылдан бастап 10 автоматтандырылған өлшеу станциясы (АСИ) орнатылған.



Сондай-ақ, облыс басшысы өз сөзінде апатты көпірлер мәселесінің шешілу барысына да тоқталды.

- Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 108 көпір орналасқан. Оның ішінде 15 көпір апатты деп танылған болатын. Оларды көпірді реконструкциялау және күрделі жөндеу мақсатында жобалау - сметалық құжаттамалар әзірленді. Бүгін күнде 5 көпірдің күрделі жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді, сегіз бойынша қайта жаңғырту жұмыстары биыл күзде толық аяқталады. Жалпы, апатты көпірлер толықтай биыл реконструкциядан және күрделі жөндеуден соң пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр, - деді Б. Исабаев.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Жәніс ЫСҚАБАЙ, сол сияқты фотосуреттерді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы ұсынды.

## Жетісуда бір күнде үш жедел әрекет ету нысаны қолданысқа берілді



Жетісу облысында бір күнде үш өрт сөндіру бөлімі қолданысқа берілді. Талдықорған қаласындағы, Көксу және Кербұлақ аудандарындағы жаңадан салынған және қайта жаңғыртылған өрт сөндіру бөлімдерінің ашылу салтанатына өңірге жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі, генерал - лейтенант Шыңғыс Әрінов пен облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы күні алдымен Талдықорған қаласындағы алғашқы әмбебап құтқару бөлімшесі ашылды. Құтқарушы-лармен бірге Апаттар медицинасы орталығының жеке құрамы орналасқан өрт сөндіру бөлімі өрт сөндірушілер мен апаттар медицинасы мамандарын бір шаңырақ астына біріктірген көпфункционалды жедел әрекет ету кешенін құруға мүмкіндік берді.

Салтанатты шарада сөз сөйлеген Шыңғыс Әрінов: - Бүгін біз заманауи жедел әрекет ету кешенін ашып отырмыз. Біздің мақсат - құтқарушыларға лайықты қызмет жағдайын жасап,

халыққа барынша жедел әрі сапалы көмек көрсету. Біз азаматтық қорғау жүйесін жаңғырту бағытын кезең - кезеңімен жүзеге асырып келеміз, ал Талдықорған - осы жүйелі жұмыстың жарқын үлгісі, - деп атап өтті.

Сол сияқты, облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев та өз сөзінде Төтенше жағдайлар министрлігі мен жергілікті атқарушы органдардың негізгі міндеті апатты жағдайдың алдын алу және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету екенін тілге тиек етіп, бұл орайда өңірде азаматтық қорғаныс саласына қолдау көрсету тұрақты жалғасатынын жеткізді.

Салтанатты жиын аясында өңірлік ТЖД қызметкерлеріне және өрт сөндіру бөлімі ғимаратын жаңғырту жұмысына үлесін қосқан азаматтарға ведомстволық наградалар табысталды. Сонымен қатар бірқатар үздік қызметкерлер мен жобаға қатысушыларға кәсібилігі мен өңірдің қауіпсіздік жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін облыс әкімінің Алғыс хаты мен Құрмет грамотасы берілді.

Ғимараттың лентасы қиылып, символдық кілті табысталғаннан кейін қонақтар ғимараттың ішін аралап көрді.

40 жылдан астам уақыт бойы толыққанды жауынгерлік бөлімше ретінде жұмыс істемеген бұл нысан толықтай жаңартылды. Ғимаратта техникаға арналған заманауи бокстар, әкімшілік-тұрмыстық бөлмелер, оқу сыныптары, демалыс бөлмелері, асхана және душ бөлмелері жабдықталған. Жеке құрам үшін спорт алаңы, шағын футбол алаңы және воркаут аймағы қарастырылған. Бұл олардың жоғары деңгейдегі дене даярлығын сақтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, осы күні Төтенше жағдайлар министрі Көксу және Кербұлақ аудандарындағы өрт сөндіру бөлімдерінің ашылу салтанатына қатысты.

Атап өтсек, Көксу ауданы Балпық би ауылындағы 1940 жылы салынып, апатты жағдайда болған өрт сөндіру депосы жергілікті бюджет қаржысына жаңадан тұрғызылды. Ал, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылындағы №9 өрт сөндіру бөлімшесі 1994 жылы салынып, содан бері жөндеу көрмеген болатын, биыл реновациядан кейін жаңа кейіпте пайдалануға ұсынылды.

Жалпы, 2025 жылы «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында Қаратал ауданының Алмалы ауылында, Ескелді ауданының Ақын Сара ауылында 2 өрт сөндіру пунктін ашылса, биыл облыстың 26 елді мекеніне салу жоспарлануда.

Бұған қоса, республикалық бюджет есебінен Талдықорған қаласында 4 шығатын қақпасы бар өрт сөндіру депосының құрылысы жүріп жатыр, тамыз айында аяқталады деп жоспарланған.

### ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

**Фотографтар:**  
**Дмитрий ЕРОФЕЕВ,**  
**Қанат ӨМІРӘЛИНОВ.**

## Жетісуда әмбебап нысан - спорт залы бар мәдениет үйі ашылды



Алғыс айту күнінде Жетісу облысының ауылдық елді мекенінде тағы бір әлеуметтік нысан іске қосылды. Атап айтқанда, Ақсу ауданы Н.Есеболатов ауылында дене шынықтыру залымен біріктірілген 180 орындық жаңа мәдениет үйі ел игілігіне берілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Шараға аудан әкімдігінің, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының өкілдері, жергілікті ардагерлер, жастар, ауыл тұрғындары қатысты.

Ашылу салтанатында жаңа нысанның лентасы қиылып, өнерпаздар концерттік бағдарлама ұсынды. Мұнан соң келушілер ғимараттың ішін аралап көрді.

Атап айтсақ, заманауи мәдениет нысанында сахна, көрермен залы, қосымша үйірме бөлмелері бар. Мұнда 4 үйірме - «Ардагерлер» және «Ақ әжелер» ансамбльдері, «Эстрадалық вокал» және «Жас тілші» үйірмелері тұрақты жұмыс жасайды, оларға 43 адам қатысып жүр. Жаңа нысанда қосымша 5 жұмыс орны ашылды.

Сондай-ақ мұнда спорт зал да қарастырылған. Оның жалпы ауданы - 668 ш. м. Залда волейбол, баскетбол, шағын футбол, үстел теннисімен айналысуға мүмкіндік жасалған, оған қоса жаттығу залы да бар.

Нысан ерекше қажеттілігі бар азаматтардың инфроқұрылымға қолжетімділігін қамтамасыз етуге толық бейімделген.

Ауыл тұрғындары бұл мәдениет ошағы 2 мыңнан астам тұрғыны бар ауылдық округ жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға және бұқаралық спортты жандандыруға тың серпін беретінін айтады.

- Жаңа мәдениет үйінің ашылуы - тұрғындар үшін үлкен қуаныш, ол ауыл өміріне рухани өзек болады деп ойлаймыз. Бұған дейін мәдениет саласының мамандары ауылдық округ әкімдігінің ғимаратында отырған болатын. Ал, спорт залы тек мектепте ғана болды. Енді жаңа ғимаратта түрлі мерекелік іс - шаралар, қоғамдық жиындар, жастарға арналған спорттық және шығармашылық жарыстар ұйымдастыруға мүмкіндік бар. Балаларымыз бен немерелеріміз өнермен де, спортпен де еркін айналыса алады. Олардың түрлі үйірмелерге қатысып, өзін жан-жақты дамытуына жағдай жасалған. Осындай игі істің Алғыс айту күнімен тұспа-тұс келуінің өзі - жақсылық, - дейді ауыл ақсақалы Молдахмет Сағымбаев.

Атап өтсек, жоба құрылысы 2024 жылғы сәуірде басталған болатын. Құрылыстың жалпы ауданы - 2 мың ш.м. астам.

Жалпы, өңірде жыл соңына дейін 9 мәдениет нысаны салынып бітіп, іске қосылады деп жоспарланып отыр.

### ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

**Фотосуреттерді Ақсу ауданының әкімдігі ұсынды.**

## Енді жерді жалға алу, сату және мақсатын өзгерту онлайн рәсімделеді



Енді жерді жалға алу, сату және мақсатын өзгерту онлайн рәсімделеді

2026 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстанда жер қатынастары саласындағы үш қызмет цифрлық форматқа көшті. «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының хабарлауынша, енді жердің нысаналы мақсатын өзгерту, жалдау мерзімін ұзарту және жер учаскесін сатып алу қызметтерін онлайн алуға болады.

Цифрлық форматқа көшкен қызметтердің бірі - жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту. Мәселен, ауыл шаруашылығы мақсатында берілген жер учаскесін құрылысқа пайдалану үшін оның нысаналы мақсатын қашықтан өзгертуге болады.

Сондай-ақ, жер учаскесін жалға алу мерзімін ұзарту қызметі де онлайн қолжетімді. Егер жалдау мерзімі аяқталуға жақындаса, оны ұзарту туралы өтінішті 90 күн бұрын онлайн беруге болады.

Бұдан бөлек, жер учаскесін жеке меншікке сату рәсімі де цифрландырылды. Жерді онлайн түрде біржолғы төлеммен немесе бөліп төлеу арқылы сатып алуға болады. Бұл меншік құқығын рәсімдеу процесін жеңілдетеді.

Қызметтер «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесі, электрондық үкімет порталы және жергілікті атқарушы органдардың жүйелері арқылы көрсетіледі. Бұл негізгі процестерді онлайн форматқа көшіруге және өтініштердің мәртебесін жүйе арқылы бақылауды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Қызметтерді автоматтандыру «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесін дамыту аясында жүзеге асырылды және мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бағытының бір бөлігі болып табылады. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызметтерді, соның ішінде жер қатынастары саласындағы қызметтерді де кезең-кезеңімен онлайн форматқа көшіріп, азаматтар мен бизнес үшін олардың қолжетімділігін арттыруды жалғастырады.

## КОММУНАЛДЫҚ САЛА – ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖАЙЛЫ ӨМІРІНІҢ КЕПІЛІ

Аудандағы коммуналдық қызметтердің тұрақты әрі сапалы жұмыс істеуі - тұрғындардың күнделікті өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Әсіресе, ауыз су мен тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің үздіксіз көрсетілуі халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуда ерекше рөл атқарады. Осы бағытта аудан көлемінде жүйелі жұмыстар жүргізіліп, сала қызметкерлерінің еңбегіне ерекше көңіл бөлінуде.

Осы орайда бүгін «Ақсу ЖСК» ұжымымен арнайы кездесу өтті. Жиынға аудан әкімі Берік Тынышбайұлы, аудандық мәслихат төрағасы Бейбіт Жаңылысұлы және қоғамдық кеңес төрағасы Ғабит Ахметқожаұлы қатысты.

Кездесу барысында өңірде атқарылып жатқан бірқатар маңызды жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарлар талқыланды. Әсіресе, аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен және коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету бағытында еңбек етіп жүрген «Ақсу ЖСК» ұжымының жұмысына ерекше назар аударылды. Бұл сала - үлкен жауапкершілікті талап ететін бағыттардың бірі. Себебі коммуналдық қызметтердің тұрақты жұмыс істеуі тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз өмір сүруіне тікелей әсер етеді.

Жиын барысында ұжым қызметкерлерінің күнделікті атқарып жүрген еңбегінің маңызы атап өтіліп, олардың



АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ БЕРІК ТЫНЫШБАЙҰЛЫ  
"АҚСУ ЖСК" ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

аудан өміріндегі орны ерекше екені айтылды. Көп жағдайда көзге көріне бермейтін, алайда тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі үшін аса маңызды жұмыстарды атқарып жүрген сала мамандарының еңбегі жоғары бағаланды.

Кездесу барысында қызметкерлердің пікірлері мен ұсыныстары да тыңдалып, алдағы уақытта коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру бағытында бірлескен жұмыстарды жалғастыру мәселелері сөз болды.

Жиын соңында аудан әкімі Берік Тынышбаев 15 наурыз күні өтетін референдумның маңыздылығына тоқталып, барша азаматтарды осы маңызды саяси науқанға белсенді қатысып, өз азаматтық ұстанымдарын білдіруге шақырды. Ел болашағына бейжай қарамай, мемлекет дамуы үшін маңызды шешімдер қабылданатын кезеңде әр азаматтың жауапкершілігі жоғары екені атап өтілді.

**Ербол СЫМХАНОВ.**

# 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні!

## Әйел – ана, Әйел – өмір бастауы

**Құрметті Ақсу ауданының қадірлі аналары мен аяулы арулары!**

Сіздерді көктемнің ең көркем әрі мейірімге толы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел – өмірдің шуағы, отбасының берекесі, қоғамның тірегі. Сіздердің даналықтарыңыз бен мейірімдеріңіз, табандылықтарыңыз бен еңбектеріңіз ауданымыздың өсіп-өркендеуіне зор үлес қосып келеді. Ананың алақаны мен жүрегінің жылуы – ұрпақ тәрбиесінің алтын қазығы. Сіздердің төзімдеріңіз бен қамқорлықтарыңыздың арқасында ел ертеңі – жас ұрпақ тәрбиеленіп, қоғамымыз нығайып келеді.

Ақсу ауданының дамуына білімде, медицинада, кәсіпкерлікте, ауылшаруашылығында және қоғамдық өмірдің түрлі салаларында аянбай еңбек етіп жүрген нәзік жандылардың еңбегі ерекше құрметке лайық. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен парасаттарыңыз ауданымыздың келешегіне сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

Осы жарқын мереке күні сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға береке-бірлік, мол бақыт пен табыс тілеймін. Әрқашан жүздеріңізден күлкі кетпей, жүректеріңізге көктемнің шуақты нұры орнасын!

**Қадірлі жерлестер!**

Алдымызда еліміздің болашағына маңызды қадамдардың бірі – 15 наурыз




күні өтетін референдум тұр. Бұл – Конституциямызды қолдап, мемлекетіміздің тұрақтылығы мен дамуына өз үлесімізді қосатын тарихи сәт.

Баршаңызды осы маңызды саяси науқанға белсенді қатысып, ел болашағы үшін Конституциямызды қолдап дауыс беруге шақырамын.

Бірлігіміз бекем, еліміз аман, болашағымыз жарқын болсын!

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН,  
Берік ТЫНЫШБАЕВ,  
Ақсу ауданының әкімі.**



**Құрметті Ақсу ауданының ардақты аналары мен аяулы арулары!**

Сіздерді көктемнің шуағымен бірге келетін ең көркем мерекелердің бірі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел – мейірім мен ізгіліктің, сабыр мен парасаттың символы. Сіздер отбасының ұйытқысы, қоғамның берекесі ретінде ұрпақ тәрбиелеп, елдің дамуына елеулі үлес қосып келесіздер. Аналардың ақ тілегі мен асыл тәрбиесі – елдің еңсесін биіктететін рухани күш.

Ақсу ауданының қоғамдық - саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде белсенді етпек етіп жүрген нәзік жандылардың орны ерекше. Білім беру, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік, мәдениет пен ауылшаруашылығы салаларында аянбай еңбек етіп жүрген сіздердің табандылықтарыңыз бен жауапкершіліктеріңіз ауданымыздың өркендеуіне зор серпін беріп келеді.

Осы айтулы мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілеймін. Әр күніңіз қуанышқа толы болып, еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын. Сіздерге деген құрмет пен алғыс ешқашан азаймасын!

**Қадірлі жерлестер!**

Алдымызда еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі – 15 наурыз күні өтетін референдум тұр. Бұл – елдің болашағы мен мемлекетіміздің тұрақты дамуына бағытталған маңызды қадам.

Баршаңызды азаматтық белсенділік танытып, референдумға қатысып, Конституциямызды қолдап дауыс беруге шақырамын. Бірлігіміз бен ынтымағымыз – еліміздің ең басты байлығы.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, әр шаңырақта бақыт пен береке орнасын!

**Ізгі тілекпен,  
Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,  
Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы.**

## МЕНИҢ АНАМ – ҰЛЫ АНА

Мен Темірбеков Сапарғали Қыдырұлы Қарашілік бастауыш партия ұйымының төрағасымын. «AMANAT» партиясы аналардың отбасындағы және қоғамдағы рөлінің маңыздылығын ашу мақсатында керемет бастама көтеріп отыр. Иә, «Қарға баласын әппағым дейді» демекші Ана үшін бала қаншалықты қымбат болса, бала үшін ана – ең ұлы адам. Өзім де анам туралы жазуды ойлап жүрген едім.

Иә, менің анам кім?

Бұл сұрақ бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, оның жауабы – тұтас бір ғұмырдың, бір әулеттің, тіпті бір дәуірдің тарихы. Мен үшін анам – тек мені өмірге әкелген жан ғана емес, ол – төзімнің тірі бейнесі, мейірімнің мәңгілік мекені, әйел атаулының ұлылығын дәлелдеген қасиетті тұлға.

Менің анам – Абзалхан Мұратбекова. Ол 1944 жылдың 13 маусымында, соғыстың салқыны әлі сейілмеген, ел еңсесі енді ғана көтеріле бастаған қиын кезеңде дүниеге келген. Аштық пен жұшылықты, ауыр еңбек пен тұрмыс тауқыметін ерте көріп өсті. Бірақ сол қиындықтар оның жүрегіне қатайтып емес, керісінше, мейірімін молайтып, адамға деген жанашырлығын арттыра түсті.

Анам – тоғыз құрсақ көтерген ардақты Ана, «Алтын алқа» иегері. Бұл марапат – тек атақ емес, бұл – түн ұйқысын төрт бөліп, баласының болашағы үшін өз өмірін арнаған аналық ерліктің белгісі. Бес ұл мен төрт қызды дүниеге әкеліп қана қоймай, оларды елге пайдалы, адал, еңбеккер азамат етіп тәрбиелеу – анамның ең үлкен жеңісі. Ол бізге үлкенге құрмет, кішіге ізет, адал еңбек пен адамгершілік сияқты өмірлік құндылықтарды бойымызға сіңірді.

Анамның қолы – берекенің көзі. Үйімізден қазанның түтіні үзілмеді, төріміз қонақтан арылмады. Ол өз баласымен қатар, өзгенің де баласын бауырына тарта білді. Қуанышта ақ батасын беріп, қиындықта жұбаныш бола білді. Анамның бір ауыз



жылы сөзі талай жанның еңсесін көтергеніне куәмін.

Отбасында ол – ұйытқы, әкемнің тірегі, балаларының қорғаны болды. «Шаршадым» деген сөзді оның аузынан ешқашан естіген емеспін. Ол өз бақыты үшін емес, балаларының бақыты үшін өмір сүрді. Нағыз қазақ әйелі қандай болуы керек десе, мен анамды көз алдыма елестетемін.

Қоғам үшін де анамның орны ерекше. Өйткені ол – ел болашағын тәрбиелеген Ана. Тоғыз тағдырға бағыт - бағдар беріп, тоғыз жүрекке өмірдің мөнін ұқтырған Ұстаз - Ана. Осындай аналардың арқасында ұлттың рухы биік, елдің іргесі берік болады.

Мен үшін анам – өткен мен бүгінді, дәстүр мен болашақты жалғап тұрған алтын көпір. Оның әрбір әжімі – өмірдің жазуы, әрбір ақ шашы – аналық махаббаттың куәсі. Анам барда мен өзімді бай сезінемін, өйткені менің арқа сүйер асылым бар.

Менің анам – бір адамның ғана анасы емес.

Менің анам – мейірімнің, сабырдың, шексіз махаббаттың символы.

Менің анам – Ұлы Ана.

\*\*\*

Құрметті ауылымыздың асыл әжелері, ардақты аналар, аяулы келіндер мен нәзік жанды ару қыздар! Осы мақала арқылы өзіміңізді анамды және Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен

шын жүректен құттықтаймын! Әйел – өмірдің шуағы, отбасының берекесі, ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегі. Әже – даналықтың бастауы, ана – мейірімнің тұнығы, қыз – болашақтың үміті. Сіздердің жүректеріңіздегі жылулық пен сабыр, төзім мен парасат әр шаңырақтың шамшырағы болып келеді. Қандай қиын кезеңде де елдің еңсесін түсірмей, ер-азаматқа тірек, балаға тәрбиеші, қоғамға жанашыр болып келе жатқан өздеріңізге мың алғыс! Бүгінгі таңда мемлекетімізде әйел - аналардың мәртебесін арттыру, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бағытында нақты қадамдар жасалуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында отбасы құндылықтарын нығайту, ана мен баланы қорғау мәселесіне ерекше мән беріп келеді. Бұл – сіздердің қоғамдағы рөлдеріңіздің айрықша екенін көрсетеді. Сіздер – тек отбасының ғана емес, тұтас елдің тірегісіздер. Ауылдың тыныс-тіршілігі, ұрпақтың тәрбиесі, ұлттық дәстүрдің сабақтастығы – бәрі де сіздердің мейірімдеріңізбен, ақыл - парасаттарыңызбен тығыз байланысты. Сіздердің еңбектеріңіз өлшеусіз, құрметтеріңіз шексіз.

Осы мерекелі күні әр шаңыраққа амандық, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға береке, жүректеріңізге қуаныш тілеймін. Әр күніңіз гүлдей жайнап, жүздеріңізден күлкі кетпесін!

**Қадірлі ағайын!**

Біз үшін ел болашағы, ұрпақ ертеңі – ең қымбат құндылық. 15 наурыз күні өтетін референдум – мемлекетіміздің даму бағытын айқындайтын маңызды қадам. Баршаңызды белсенділік танытып, референдумға қатысып, Конституциямызды қолдап дауыс беруге шақырамын. Бұл – тұрақтылық пен бірлікті, әділетті қоғамды қолдау деген сөз. Бірлігіміз бекем, елдігіміз мәңгі болсын!

**Сапарғали ТЕМІРБЕКОВ,  
Қарашілік БПҰ – төрағасы.**

## АНАНЫҢ АЛТЫН ТӘЖІ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ



Ауылымыздың қадірлі тұрғыны, көпбалалы ана Бекбаева Гүлімханның «Алтын алқа» иегері атануы – тек бір отбасының ғана емес, күллі ауыл жұртшылығының ортақ қуанышы. Бұл марапат – ананың мейірімі мен махаббатына, төзімі мен табандылығына берілген ең жоғары баға.

Гүлімхан ана – саналы ғұмырын отбасы мен бала тәрбиесіне арнаған, ұрпағына өнегелі тәрбие беріп, ел болашағына үлес қосып келе жатқан ардақты жан. Ол – аналық мейірім мен жауапкершілікті қатар алып жүрген, әрбір баласының болашағына алаңдайтын, олардың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына бар күш-жігерін жұмсаған жан. Көпбалалы ана болу – тек санмен өлшенетін ұғым емес, ол – үлкен жүрек пен сарқылмас сабырды талап ететін өмірлік міндет.

«Алтын алқа» – ана еңбегінің, түн ұйқысы мен күндізгі тынымсыз тірліктің, бала үшін төгілген маңдай тердің белгісі. Бұл марапат арқылы мемлекет ананың қоғамдағы орнын айқындап, отбасы құндылықтарының маңызын тағы бір мәрте айшықтап отыр. Ал Гүлімхан ананың бұл атаққа ие болуы – оның өмір жолының әділ бағалануы.

Бүгінде оның тәрбиесін көрген ұл - қыздары әдептілігімен, еңбексүйгіштігімен, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін мінезімен ерекшеленіп жүр. Бұл – ең алдымен, ананың берген тәлім-тәрбиесінің жемісі. Осындай аналар барда елдің ертеңі жарқын, болашағы баянды болары сөзсіз.

Гүлімхан ананың «Алтын алқа» иегері атануы жас отбасыларға үлгі, аналарға жігер, ал қоғамға үлкен ой салады. Анаға құрмет – ұлтқа құрмет. Сондықтан да ардақты ананың бұл жетістігі – ауылымыздың мерейін өсіріп, рухын асқақтататын зор мақтаныш.

Осы қуанышқа орай Батыр ананы арнайы қабылдап, ауыл тұрғындары алдында құттықтадым.

**Марат ШАЙЫҚОВ,  
Қаракөз ауылдық округінің әкімі.**

## КОАЛИЦИЯ МҮШЕЛЕРІ ЖАҢА АТА ЗАҢДЫ ТАРАЗЫЛАДЫ

Жаңа Конституциялық жобада цифрлық ортадағы құқықтарды қорғауға ерекше мән берілген. Жеке деректердің қорғалуы, онлайн-қызметтерге тең қолжетімділік, интернеттегі қауіпсіздік пен жеке өмірге қолсұғылмаушылық конституциялық деңгейде бекітіледі. Бұл – мемлекеттің азамат құқығын тек дәстүрлі кеңестікте ғана емес, цифрлық ортада да қорғауға дайын екенінің айқын дәлелі. Міне, дәл осындай пайымды өңгімені «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» өңірлік коалициясының өкілдері Арыстанғали Арын, Рахмет Есдаулетов, Мейрман Тлеуберлинов, Сайран Жасұланұлы, Жеңіс Жолдыбаев, Данияр Ахмолдаевтар Ақсу ауданына қарасты Көшкентал ауылының тұрғындарымен кездесуде сөз етті.

Коалициясының мүшелері жиында Ата заңдағы қазақтың қара шаңырағындағы тұрмысты ілгерілететін тың бастамаларға тоқталды. Мәселен, ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік және экономикалық қолжетімділікті кеңейту, ауыл шаруашылығын қолдау, фермерлер мен



агроөнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту, жергілікті өндірісті нығайту, табиғи ресурстарды экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып тиімді пайдалану, сондай-ақ, тұрғындардың жергілікті мәселелерді шешуге қатысу мүмкіндігін кеңейту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

– Жаңа Конституция жобасы ауылдық аумақтарды дамыту арқылы тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды жаңартуға және әлеуметтік-экономикалық

қолжетімділікті арттыруға бағытталған. Аграрлық саясат ауылшаруашылығын қолдау мен жергілікті өндірісті нығайтуды қамтиды. Табиғи ресурстар жауапкершілікпен әрі тиімді пайдаланылуы тиіс. Ауыл тұрғындарының қоғамдық шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту – басты басымдықтардың бірі, – деді Арыстанғали Арын.

Жеңіс Жолдыбаев айтуынша, жаңа Конституциялық жоба әрбір тұрғынның сапалы өмір сүруін қамтамасыз етеді.

## АҚ ХАЛАТТЫЛАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫНДА ТАЛҚЫЛАДЫ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» өңірлік жетекшісі Арыстанғали Арын Ақсу ауданында жұмыс сапарымен болып, денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен мазмұнды кездесу өткізді. Басқосу ашық диалог форматында ұйымдастырылып, ауылдық медицина жүйесін дамыту мен конституциялық жаңғырудың әлеуметтік маңызы кеңінен талқыланды.

Кездесуді ашқан Арыстанғали Арын жаңа Конституция жобасының басты ерекшелігі – оның адам мүддесіне бағытталуында екенін атап өтті. Оның айтуынша, құжатта азаматтардың денсаулығын қорғау, сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек алу құқығы нақты әрі жүйелі түрде бекітілген.

– Жаңа Ата Заң жобасында мемлекет әлеуметтік жауапкершілікті күшейтеді. Әсіресе, денсаулық сақтау саласына қатысты нормалар айқындалып, азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне қол жеткізуі, профилактикалық шараларды күшейту, ауылдық жерлердегі медициналық қызмет сапасын арттыру мәселелері нақты көрсетілген. Бұл – жай ғана декларативті ұстаным емес, бұл – мемлекеттің адам өмірі мен денсаулығын ең жоғары құндылық деп тануының айғағы, – деді спикер.

Кездесу барысында медицина қызметкерлері ауылдық жерлердегі кадр тапшылығы,



материалдық-техникалық базаны жаңарту, жас мамандарды тарту, жалақы мен әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру мәселелерін көтерді.

Сондай-ақ профилактикалық медицина мен скринингтік бағдарламаларды кеңейту, цифрлық денсаулық сақтау жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар айтылды.

## КӨКТЕМДІ АЛЫП КЕЛГЕН ҚОС МЕРЕКЕ

**Құрметті Ақсу ауданының қадірлі тұрғындары! Ардақты аналар мен аяулы арулар!**

Сіздерді көктемнің алғашқы күндерімен бірге келетін маңызды мерекелер – 1 наурыз «АМАНАТ» партиясының құрылған күнімен және 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

«АМАНАТ» партиясы – ел бірлігі мен халық мүддесін басты құндылық еткен, қоғамның тұрақты дамуы мен мемлекетіміздің жарқын болашағы болында қызмет етіп келе жатқан іргелі саяси ұйым. Партияның басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты үлес қосу және әр азаматтың үніне құлақ асатын әділетті қоғам қалыптастыру.

Осы жолда партияның бастамаларын жүзеге асыруға белсенді қатысып, қоғам өміріне елеулі үлес қосып жүрген аудан тұрғындарына шынайы алғысымды білдіремін.

Сонымен қатар, көктемнің көркі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен ауданымыздың барша аналары мен қыз-келіншектерін ерекше ілтипатпен құттықтаймын! Әйел – отбасының ұйытқысы, ұрпақ тәрбиесінің негізі, қоғамның рухани тірегі. Сіздердің мейірімдеріңіз бен даналықтарыңыз, еңбектеріңіз бен төзімдеріңіз – еліміздің берекесі мен болашағының кепілі.

Осы айтулы мерекелер қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, шаңырақтарыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Әрдайым бейбіт өмірдің шаттығын сезініп, мерейлеріңіз үстем болсын!

**Құрметті жерлестер!**

Алдымызда еліміз үшін маңызды саяси оқиға – 15 наурыз күні өтетін референдум тұр. Бұл – мемлекетіміздің болашағы мен тұрақты дамуы үшін маңызды тарихи қадам.

Баршаңызды осы маңызды науқанға белсенді қатысып, еліміздің басты құжаты – Конституциямызды қолдап дауыс беруге шақырамын. Ел тағдырына бейжай қарамай, ортақ болашағымыз үшін бірлігімізді танытайық!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын!

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН,  
Алма ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,  
«АМАНАТ» партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы.**

## ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР ҮДЕРІСТІ ҚОЛДАЙДЫ

Ақсу ауданында жастармен маңызды кездесу өтті. «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы өкілдері аудан жастарына жаңа мәтіндегі Конституция жобасының мазмұны мен маңызын түсіндірді.

Кездесу барысында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқан тағылымды ойлар мен ұлт болашағына қатысты жауапкершілік мәселесі кеңінен қозғалды. Спикерлер Мейрман Тлеуберлинов, Сайран Жасұланұлы және Данияр Ахмолдаев құқықтық реформалардың ел дамуына, әділ сот төрелігін нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға тигізер ықпалына нақты тоқталды.

Алғысөз айтқан Мейрман Тлеуберлинов Жаңа Конституция жобасы – стратегиялық маңызы бар құжат екенін атап өтті.

– Ертең үшін Мағжан Жұмабаев сенген жастардың бүгін жарқын етуіміз қажет. Мемлекеттің басты байлығы – білімді ұрпақ. Жаңа Ата Заң білім мен ғылымды дамытуға, мәдениет пен инновацияны қолдауға бағытталған. Бұл – адам капиталына негізделген заманауи мемлекеттің айқын бағдары, – деді ол.

Спикерлердің айтуынша, Конституциялық жоба Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа жауапкершілік қағидаларын бекітеді. Сонымен қатар, білім мен ғылымға басымдық беру арқылы жастардың сапалы білім алуына кепілдік жасалады.

Кездесу соңында аудан жастары өз пікірлерін білдіріп, ел болашағына қатысты бастамаларды қолдайтындарын жеткізді. Белсенді жастардың азаматтық ұстанымы – қоғам дамуының берік негізі екені атап өтілді.

№3 Модуль

### «ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетенде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетенге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Өрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

№4 Модуль

### «ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КҮӘЛІГІ»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде

есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Өрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

№3 Модуль

### «БЮЛЛЕТЕНЬ ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ»

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум по вопросу: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

На референдуме каждый казахстанец голосует лично. Бюллетень выдается на основании списка граждан, имеющих право голосовать на референдуме, при предъявлении документа, удостоверяющего личность. После этого Вы расписываетесь в списке в получении бюллетеня.

Бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования. В бюллетене Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который голосуете. Не допускается проставление отметок в бюллетене карандашом, а также внесение в него каких бы то ни было исправлений. Заполненный бюллетень опускаете в урну для голосования.

Важно голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

№4 Модуль

### «ОТКРЕПИТЕЛЬНОЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ»

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум.

С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право на участие в референдуме.

При необходимости внести какие-либо изменения Вы сразу сможете обратиться с заявлением в участковую комиссию референдума. В случае перемены гражданином места своего пребывания он вправе с 27 февраля 2026 года до 18 часов 14 марта 2026 года получить открепительное удостоверение на основании заявления в участковую комиссию

референдума. Допускается получение открепительного удостоверения на основании доверенности.

При предъявлении открепительного удостоверения участковая комиссия референдума в день голосования включает гражданина в список на участке его пребывания. Открепительное удостоверение не выдаётся гражданам, желающим участвовать в голосовании на другом участке в пределах одного населённого пункта.

Важно голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

## ҚАЙРАТКЕРЛІК ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚТЫҢ ӨНЕТЕЛІ ЖОЛЫ



Қазақ даласының әр перзенті туған топырағынан қуат алады. 1963 жылдың 10 наурызында бұрынғы Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, Ақсу селосында дүниеге келген Қасымбек Нұрбол Нұрбекұлы да сол киелі мекеннің тәлімі мен тәрбиесін бойына сіңіріп өсті. Жастайынан білімге құштар, еңбекке бейім болып қалыптасқан ол 1970 жылы Жансүгіров поселкесіндегі Чапаев атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, 1980 жылы «Қазанның 60 жылдығы» атындағы орта мектепті тәмамдады.

Білімге деген ұмтылысы оны 1980–1985 жылдары Алматы шетел тілдері институтына жетеледі. Осы оқу орнын ойдағыдай аяқтап, ағылшын және неміс тілдері пәндерінің мұғалімі біліктілігін алып шықты. Жас маманның еңбек жолы 1985 жылдың 20 тамызында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясында неміс тілі пәні мұғалімі болып басталды. Ұстаздық – ұлағатты жол. Ол шәкірт жүрегіне білім дәнін сеуіп, болашаққа бағыт сілтеуді өмірлік мұрат етті.

Алайда азаматтық парыз берінен биік. 1985 жылдың қазан айында Кеңес әскері қатарына шақырылып, Москва облысы мен Тамбов қаласында, кейін ГДР-дың Плауен қаласында әскери борышын абыроймен өтеді. Екі жылдық әскери қызмет оның жігерін шыңдап, жауапкершілігін арттырып, отансүйгіштік рухын бекемдей түсті. 1987 жылы елге оралған соң, қайтадан білім саласына қызмет етіп, неміс тілі мен дене тәрбиесі пәндерінің мұғалімі болды.

Уақыт өте келе Нұрбол Нұрбекұлының ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі мемлекеттік қызмет саласына жол ашты. 1993 жылдан бастап Ақсу ауданы әкімшілігінде түрлі жауапты қызметтерді атқарды. Өлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлімнің бас маманы, аудан әкімінің көмекшісі, ұйымдастыру және кадрлар бөлімінің бас маманы, әскери-жұмылдыру, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі бас маман секілді сан салалы міндеттерді абыроймен орындады. Әр кезеңде адалдық пен әділдікті ту етіп, ел мүддесін биік қойды.

2008 жылдан бастап ішкі саясат саласына басшылық жасап, ауданның қоғамдық-саяси тұрақтылығы мен рухани дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімдерінің басшысы ретінде ел бірлігі мен татулығын нығайту жолында қажырлы еңбек етті. Қазақстан халқы Ассамблеясы аясындағы жұмыстарға белсенді қатысып, қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықты сақтауға атсалысты.

Білімін жетілдіруді де назардан тыс қалдырмай, 1999–2000 жылдары Қазақ Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясын сырттай тәмамдап, заңгер мамандығын алды. Бұл оның кәсіби көкжиегін кеңейтіп, құқықтық сауаттылығын арттырды.

Ұзақ жылғы жемісті еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол «Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл» медальдарымен және басқа да көптеген марапаттармен на-

градталды. 2013 жылы есімі Ақсу ауданының «Құрмет» кітабына енгізіліп, 2023 жылы «Құрметті азаматы» атағына ие болды. Бұл – адал еңбектің, табанды қызметтің лайықты бағасы.

Отбасы – әр азаматтың тірегі. Нұрбол Нұрбекұлы – ардақты әке, асыл жар болды. Жұбайымен бірге үш ұл тәрбиелеп өсіріп, олардың жоғары білім алып, ел игілігі жолында еңбек етуіне жағдай жасады. Өмір жолында анасы мен жарының мезгілсіз дүниеден өтуі жүрегіне ауыр із қалдырғанымен, ол қайсарлық танытып, сабыр мен парасат биігінен көрінді. Әкесі – ұлағатты ұстаз, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атанған Нұрбек Сәрсембайұлының тәлімі де оның өмірлік бағдаршамы болды.

2025 жылдың қаңтар айында мемлекеттік қызметтегі ұзақ жылдық еңбек жолын абыроймен аяқтап, зейнеткерлікке шықты. Бүгінде «Жанұя» отбасын қолдау орталығында құрылымдық бөлімше басшысы ретінде қоғамға қызмет етуді жалғастыруда. Бұл – оның елге деген адалдығы мен азаматтық жауапкершілігінің айқын көрінісі.

Нұрбол Нұрбекұлының өмір жолы – ұстаздық ұлағат пен мемлекеттік қызметтегі парасаттың, азаматтық борыш пен отбасылық құндылықтың үйлесімді үлгісі. Оның ғұмыры – жас ұрпаққа өнеге, әріптестеріне үлгі, елге қызмет етудің шынайы мектебі.

Зейнеткерлік – тоқырау емес, толысу кезеңі. Ендеше, саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған абзал азаматқа зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ұрпақ қызығын көре беретін берекелі өмір тілейміз. Еңбектің нұры мен халықтың алғысы әрдайым серік болғай!

**Құрметті Нұрбол Нұрбекұлы** қызмет атқару кезеңінде Сіз өзіңізді жауапкершілігі жоғары, білікті әрі тәжірибелі маман ретінде көрсете білдіңіз. Жүктелген міндеттерді кәсіби деңгейде орындап, мекеме жұмысының жүйелі ұйымдастырылуына және алға қойылған мақсаттардың сапалы жүзеге асырылуына елеулі үлес қосып келесіз. Сіздің іскерлігіңіз, ұқыптылығыңыз бен жауаптылығыңыз әріптестеріңіз тарапынан әрдайым жоғары бағаланды. Қызмет барысында ұжымның ауызбіршілігін сақтауға, жұмыс тиімділігін арттыруға және нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізуге бар күш-жігеріңізді салдыңыз.

Сіз ұжыммен үйлесімді жұмыс істей отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге өз үлесіңізді қостыңыз. Қызмет барысында парасаттылық пен кәсібиліктің үлгісін таныта білдіңіз.

Сізге деген алғысымыз бен құрметіміз әрдайым жоғары!

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН,  
«Жанұя» отбасын қолдау  
орталығының ұжымы.**

## ӨЗІ БАЛА, ӨЗІ ӘКЕ, ӨЗІ АТА

(НҮРБОЛ НҮРБЕКҰЛЫ ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА ТОЛДЫ)

Жәй шымырлап ағушы еді,  
Арыңды Ақсу ол жылдарда.  
Талай заман өткен екен,  
Көз жіберсек сол жылдарға.  
Мың тоғыз жүз алпыс үштің  
Наурыз айы, жер жіпсіген.  
Қар еріген, өзендегі,  
Сең жүруде су үстінен.  
Ақсудағы жас отбасы  
Нұрбек пенен Дариғаның  
Отауында бір нәресте,  
Жаққан екен өмір шамын.  
Бүгін міне сол нәресте,  
Зейнет жасқа жеткен екен.  
Өмірдің сан асуында,  
Сан сынақтан өткен екен.  
Жеті жасқа толғанында,  
Ашты мектеп есігін ол.  
Өзі оқыған мектептердің,  
Пір тұтады есімін ол.  
Тұтады есім тілінің,  
Мамандығын игеріпті,  
Ағылшын мен неміс тілін  
Жақсы біліп үлгеріпті.  
Еңбек жолын алғаш рет  
Ұстаздықтан бастапты ол,  
Сәтбаевтың атындағы,  
Мектеп оған ашыпты жол.  
Содан кейін азаматтық  
Борышын да атқарыпты.

Сарбаз болған бір жарым жыл,  
Есте жақсы сақталыпты.  
Мұғалім боп тағыда ол,  
Еңбек жолын жалғастырды.  
Мың тоғыз жүз тоқсан үште  
Қызметті алмастырды.  
Ол аудандық әкімдікте  
Онбес жылдай еңбек етті.  
Бас маман боп, инспектор,  
Қызметте өрлеп, өсті.  
Екі мыңның сегізінде  
Бір бөлімге болды басшы.  
Ауданда ішкі саясатқа  
Қажет еді білгір басшы.  
Өзгертілді аты талай,  
Ол бөлімнің әр жылдары.  
Бірақ Нұрбол сол саланың  
Тізгінінен айырылмады.  
Ол бүгінде Орталықта  
Өтпестері қолда тұғамын.  
Әріптесер - жас мамандар,  
Үлгі алады алмай тыным.  
Тәлім алған ата - анадан  
Ұлдары да қанаттанды.  
Келіндер бар, немере бар,  
Ұрпақтары қанар жәйді.  
Ұлдары оның - Қайсар, Қайрат,  
Тете оларға және Айбар.  
Ұрпақты алға жалғастырап,  
Болашақта осы жандар.

Мөлдір менен Сая келін,  
Желкілдеген немерелер  
Отбасының қуанышы,  
Келешек қой алда сенер.  
Омырауда медальдар мен  
Жарқыраған төсбелгілер,  
Құрметті грамоталар,  
Алғыс хаттар, есте жүрер.  
Туған аудан Ақсуының,  
Сен "Құрметті азаматы".  
Еленегі еңбегіңнің  
Өміріңнің салтанаты.  
Алдыдағы сан асуды  
Талай әлі аларсың - ау.  
Тоқсан жасқа келгеніңді  
Аңғармайда қаларсың - ау.  
Аманаттап беріп кетті  
Ботагөздей асыл жарың  
Ұрпағыңды жалғастырап  
Ұлдарыңдай - асылдарын.  
Ұрпақтарың өсіп - өніп,  
Жасыл бақ боп жапырақ жәйсін.  
Өлі тыңсың, жігерлісің,  
Тот баспайтын асылдайсың.  
Нұрбекұлы Нұрбол бауыр  
Құтты болсын зейнет жасың!  
Жеткеніңше ғасыр жасқа  
Күш - қуатың сарқылмасын.

**Тілеухан ЕСЕБОЛАТОВ.**

## Жыр алыбы - халық жыршысы

Жамбыл Жабаев екі ғасырдың куәсі, жыршы-жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақын, қазақ халқының ақындық өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан, өз өмірін мәңгілік жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттауға, ізгілік, әділдікті жырлауға, патриотизмді тәрбиелеуге арнады.

Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп гимназиясы мен Ақсу аудандық балалар кітапханасы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына арналған «Жыр алыбы Жамбыл» атты тағылымды іс-шара өткізді.

Рухани кештің мақсаты – оқушыларға ақынның өмірі мен шығармашылығын таныстырып, оның елдік пен ерлікке үндеген жырлары арқылы жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиет қалыптастыру болды. «Жырмен өткен ғұмыр» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Жамбыл атамыздың естелік фотоларынан ЖИ көмегімен жасалған видео роликті тамашалады. Іс-шара барысында мектеп оқушылары ақынның шығармаларын жатқа оқып өнерлерін көрсетті.

Кеш барысында Жамбылдың қазақ әдебиетіндегі орны, айтыс өнерін дамытуға қосқан үлесі, ел бірлігі мен халық мұңын жырлаған терең толғаулары кеңінен насихатталды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қаншайым Сейдоллақызы мен мұғалім Айгерім Амангелдіқызы сөз сөйлеп, Жамбыл мұрасы – ұлт қазынасы екенін атап өтті. Ұлы ақынның шығармалары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпағанын, жас ұрпақты елін сүйеге, еңбекқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде маңызы зор екенін айтып өтті.

Тағылымды шара соңында қатысқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталып, кеш жоғары деңгейде қорытындыланды. Осындай рухани кештер жас буынның тарихи санасын қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге жол ашатыны мәлім. Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойы – халқымыздың әдеби мұрасын ұлықтаудың жарқын көрінісі болды.

**Б.АБДРАХМАНОВА,  
балалар кітапханасының меңгерушісі.**

## Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейі – тағзым мен тағылым кеші

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, драматург, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіров – ұлт руханиятында өшпес із қалдырған алып тұлға. Оның есімі қазақ поэзиясының биік шыңдарымен қатар аталады. Алайда тағдыр оған ұзақ ғұмыр сыйламады. 1938 жылдың 26 ақпанында жазықсыз жала жабылып, сталиндік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Бұл күн – қазақ халқы үшін қаралы әрі тағылымды күн. Тек 1957 жылы 12 сәуірде жазықсыз жазаға ұшырап, республикада отызыншы жылдары орын алған зорлық - зомбылықтың құрбаны болған Ілияс Жансүгіров толықтай ақталып, туған халқымен қауышты.

Күні кеше Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейінде өмірі халық тарихындағы өте бір күрделі кезеңдер тұсында өткен, сол дәуірдің барша қарама-қайшылығын жүрегімен сезінген, тарихтың тар жолдарында өмірін шындық іздеумен өткізген, сол тауқыметті жылдар тез есейтіп, қаламына қайрат бітірген қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға Ілияс Жансүгіровтің опат болған күніне орай еске алу шарасы өтті. Тағзым кешінің басты мақсаты – сталиндік қуғын - сүргін құрбаны болған ақынның рухына құрмет көрсету, оның мол әдеби мұрасын жас ұрпаққа насихаттау.

Іс-шараға ф.ғ.д., профессор, Ілиястанушы Имангазинов Мұратбек Мубыраханұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, оқытушы - әдіскер Буланов Ержан Олжабаевич, жазушы-зерттеуші, бірнеше тарихи-танымдық кітаптардың авторы Нұрахмет Ерден Қыдырбекұлы және жас сарбаздар келіп қатысты. Жиналған қауым алдымен музей қорындағы сирек қолжазбалар мен тарихи құжаттар қойылған көрмені тамашалады. Онда ақынның өмір жолы, шығармашылық кезеңдері мен қуғын - сүргін жылдарындағы тағдыры жайлы тың деректер ұсынылды.

«Алдымызда асқар тұр, Ауыр-ауыр тастар тұр. Тұрмыз әзір түнекте, Сол асқарды асқанша. Сол тастарды басқанша, Талай бейнет шыгерміз. Бәлкім тауда ұрынып, Бәлкім тасқа сүрініп, Құрбандық боп өлгерміз», - деп «Жетерміз бе тілекке?» өлеңінде сезіктенсе де бақытқа кез болармыз деген үмітпен келешекке сеніммен қараған ақынды мезгілсіз қазаға ұшыратқандарға тауып айтар сөз де жоқ ау , сірә! Ілияс Жансүгіров қазақ



әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты. Оның қаламынан Қазақстанның дарқан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс-әрекеттері, өмірге деген құштарлығы, болашаққа үміт - сенімі кеңінен көрінеді. Ол өмірдегі өрнекті өнегелерімен халық жүрегіне жол тапты. Қазақтың біртуар ақыны, ардақты азаматы Ілиястай арыс перзент жайлы айтылар естелік те көп. Ал естеліктер деген адамның бар болмысын, алуан түрлі қасиеттерін, тіпті мінез-құлқы ерекшеліктерін әр жағынан айшықты бейнелейтін маңызды мұра екеніне күмән жоқ.

Кеш барысында арнайы келген қонақтар Ілияс Жансүгіровтің күреске толы өмірі, отбасының қиындыққа толы тағдыры, шығармаларының қазақ поэзиясындағы орны мен жаңашылдығы туралы мазмұнды баяндама жасады. Жас ақын Шакер Бағдаулет Ілияс рухына арнаған өлеңін оқып, кеш мазмұнын байыта түсті. Ілияс – жүрегі таза, мінезі көркем, айнала-сына мейірім шуағын шашқан жан еді. Оның өмірі бізге үлгі, артында қалған ізі – өшпес өнеге екенін еске алып, шара аясында Ілияс рухына бағыштап, Құран оқылды. Бұл сәт – өткен тарихтың ауыр сабақтарын еске салып, жүректерге терең әсер қалдырды.

Шара соңында музейіміздің меңгерушісі Жауынбаева Нұрғұл Қызырбекқызы ақын өмірі жайлы бірқатар тың мәліметтермен бөлісіп, келген қонақтар мен қатысушыларға алғысын білдірді. Еске алу кеші – ұлт руханиятына қызмет еткен тұлғаның өнегелі өмірін дәріптеп қана қоймай, жас буынға тарихи жадының маңызын ұғындырған тағылымды басқосу болды. Ілияс Жансүгіровтің асыл мұрасы мен қайсар рухы халық жадында мәңгі сақталары анық.

**Назерке ШЕНГЕЛБАЕВА,  
І.Жансүгіровтің әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері.**

# Бауырға деген құрмет немесе адалдық

Қасым атамның екі әйелінен туған жиырма бір баланың ашаршылықта он жетісі аштық пен шектен о дүниелік болып кеткеннен кейін, тірі қалған бәйбішенің екі ұл бір қызы мен тоқалдан туған менің әкем төртеуінің бала-шағасы ынтымағы ажырамай бір шұқырда өмір сүрді.

Қасым атам бәйбішеден туған жалғыз қызы Зағиланы шолжаңдатып ер бала-ша өсірген, Әпкеміз болса бауырларымен бірге тойға барғанда жігіттермен күреске түсіп, серілік құрып, біраз еркелеп жүріп қалыпты. Түрі өңлі болғанмен бойы екі метрге жуық, сүйектері ірі еркек пішіндес, қыз балаға тән үй тірлігінен бейхабар әпкемізге ешкім айттырып құда түсіп келе де қоймапты.

Бәйбішеден туған үлкен ұлы Сейітқали атамыздан Бәтш деген жалғыз қыз болыпты. Атасының бауырында ескен тұңғыш немересі Бәтш әпкеміз бойы аласа, көзі көкшіл, мінезі шақтар адам еді, оған да ешкім айттырып құда түсе қоймапты.

Сөйтіп жүргенде Зағила әпкеміз жиырмадан, Бәтш әпкеміз он бестен асады.

Жетімдіктің салдарынан күнкөріс үшін мал ұрлап қоймағаннан кейін Елдерінен аластатылған Емелелі руының Төлеубай, Шаяхмет деген жігіттері атамыздың малын бағып жалшысы болып жүреді екен.

Бір күні құдық басында Төлеубайдың Зағила әпкемізбен әңгімелесіп тұрғанын көрген атамның екінші ұлы Сейітбек атам әкесіне келіп, «Әке, қызыңыздың жасы біразға

келіп қалды, ең құрмағанда «Ата даңқымен» болса да, яки, малға қызыққан біреу болса да айттырып келмеді. бұл қалыппен үйде отырып қартайды, одан да осы Төлеубайды бала жасап, соған қосайық» дейді. Пысықтығымен Ел ісіне араласып жүрген ұлының сөзін мақұл көрген атамыз жалғыз қызын есігіндегі жалшысына береді. Бірақ әпкемізден туған екі ұл Нұрдаулет (Жөке) пен Байдәулет (Кезең) Қасым атамызға жазылады. Ал екі қыз, Қапыш пен Үркін әпкелерім әулеттің үлкендерінің бәрі бақилық болған соң алпысыншы жылдары бізден егемендік алып тектерін өз әкелеріне жаздырып Төлеубаевалар болды. Кезең мен Жөке әкелеріміз О дүниеге кеткенде жаназасы Қасымның ұлдары боп жөнелтілді.

«Дөндеген қарсақ құлағымен ін қазады» дегендей дегеніме жеткен Төлеубай жездеміз «әкеңе айтып Бәтш сіндіңді менің інім Шаяхметке бергіздірсенші, ақыры ешкім құда түсіп келмеді ғой» деп ақырындап айналдыра бастайды. Құлық-сұмдықтан хабары жоқ әпкеміз күйеуінің сөзімен әкесіне Бәтшті менің қайынама бер деп қиғылық салады ғой. Жағдайды сараптай келе және үлкен екі ұлдарымен ақылдасып Қасекең қызының айтқанына көніп немересін Шаяхметке қосуға ризашылығын береді. Бәтш апам Нұртілеу деген жалғыз ұлды дүниеге әкелді.

Жылжып жылдар өтті, елуінші жылдардың басында мал дәрігері болып жүрген Нұрдаулет әкеміз ауырып қайтыс болады. Артында әйелі Қаптағай ішіндегі Бөрте

руының қызы Манар апам мен жалғыз қызы Орынбасар әпкеміз қалады. Манар шешеміз аппақ саңдай көрікті адам еді. Бұл кезде үлкен қайнағалары қайтыс болған, қайныларынан менің әкем Төлеген мен Нұртілеу ағам ғана бар.

Кеңес өкіметінің заңы бойынша отбасы бар менің әкеме екі әйел алуға болмайды, содан бәрі әлі үйленбеген Нұртілеу ағамды ортаға алып «Ағаңның бала - шағасын тентіретіп қайда жібереміз, жеңгеңе үйленесің» дейді ғой баяғы. Отбасының ұйғарымына Манар апам да мақұл деп келіседі.

Бірақ күтпеген жерде шатақ Нұртілеу ағамыздан шығады.

Мектеп босағасын көрмеген, хат танымайтын, басы таз, бойы бәкене, ешкім менсіне қоймайтын ағамыз жеңгесін алудан бірден бас тартады. Барлығы жабылып, «бұндай сұлу әйел екі дүниеде қолыңа түспейді, бұдан артық кімді алмақсың» деп жан - жақтан қыспаққа алады.

«Қатын әпермесендер әпермей - ақ қойындар, қатынсыз өтсем де Жөкенің төсегін былғамаймын» деп ағамыз үйден қашып кетеді.

Осы күнде қайтыс болған емес көзі тірі ағасының әйеліне қол салып жүрген хайуандарды көргенде еріксіз нәпсісін бауырға деген құрметіне жеңгізген, жаның жәннатта болғыр қайран Нұртілеу ағатайым есіме түседі. Қазақшылық жолмен алғанда мүмкін Нұртілеу ағамдікі дұрыс емес те шығар, бірақ адамгершілік тұрғыдан қарасам ағамның өрекеті екінші бірінің өресі жетпейтін биікте тұрғандай болады.

Қажыған көңіл қамын, жүрек жанын,  
Қозғаған қобыздағы қоңыр сарын.  
Әлемнің әуеніне бермес ем - ау,  
Қазақтың мұңын тартқан күйші шалын.

І.Жансүгіров «Күй» поэмасы.

## Бақалшы

Қазақтың заңғар сазгері, музыка саласындағы тұңғыш академигі Ахмет Жұбанов «Ғасырлар пернесі» деген кітабының 208 бетінде «Алматы облысының Ақсу ауданының Үлгілі колхозында тұратын Құлынбаев Тоқтарбай деген кісі де Тәттімбеттің біраз күйін біледі» деп атап өткен Тоқтарбай ата бізбен аталас Тақет руының адамы еді. Тақетте Тоқтарбаймен қатарлас Аңсарбай деген де дәулескер күйші болған. Ахмет Жұбанов осы екі әкемізден жүзге тарта күйді нотаға түсірген екен.

Ахаң атақты Құрманғазы атындағы оркестрді құрған кезде екеуін де Алматыға шақыртыпты. Өнерлері асып тұрса да Тоқтарбай атам көпкар тартып жүріп ағызып алған бір көзінің кесірінен, Аңсарбай атам туа біткен «жырық ерін» (зайчий губ) болғандықтан екеуі де комиссияның талғамынан өте алмапты.

Аңсарбай атам ертерек қайтыс болып, Тоқтарбай атам жиырмамыншы ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғына дейін өмір сүрді. Түріксіб теміржолы бойындағы Матай бекетінің жанындағы Ағзек деген разьезінде кемпірі екеуі өмірден өтті. Екі әкеміздің де сондарында ұрпақ қалмады.

Тоқаң құлдыңы қара биесіне мініп алып айына екі рет айналып біздің ауылға келеді. Қоржынының екі басы тола тауар. Ішінде не жоқ дейсің, қыздарға керек айна, бетмай, қолорамал, апаларға мүйіз тарақ (биттарақ), әкелерімізге бәкі, шешелеріміз шамға жаққанға таза көресін (оны қыздардың басындағы сіркені алуға да пайдалана береді), сап - сары мейіз, қойшы біздің ауылда жоқтың бәрі атамның қоржынында жүреді. Теміржол бойында тұратындықтан Тәшкен мен Сібір арасына қатынайтын барлық пойыздардың өзбек жолсеріктеріне тапсырыс беріп сатып алатын көрінеді.

Ол кісі келгенде атам міндетті түрде лақ болса да бір мал сойып, жарты етін тұздап қайтарда алып кеткеніне дайын болып тұруы үшін сорғытып жайып қояды да, жарты етін асып кешкісін төңіректегі шал - кемпірлерді шақырып

күй тыңдатады. Бүкіл ауылда «Жамбылский» деп айтатын қоңыр дауысты сары домбыра бізде ғана. Атам Алматыға барғанда таныстарын салып жүріп оркестрге деп арнайы жасалынған осы домбыраны әрең тапқан көрінеді. Тәрде ілініп тұратын домбыраға өкпенен басқа қолы тиетін адам осы Тоқтарбай атам ғана.

Атақты Ахмет Жұбанов «Күйші аға» деп әспеттеген Тоқаң ауылдағы әйелдер қауымы үшін солардың қажетін өтеп жүрген жәй ғана «Бақалшы ата».

Мал жайғап болып, ел орынға отыра бере біздікіне ақырындап аталар мен апалар жинала бастайды. Солармен бірге Тоқаңның қара биесін көп жағасына арқандап тастап, қымыз өлгерген болып мен де дастарқанның бір басына жайғасамын.

Тамақ ішіліп болған соң Тоқтарбай атам бірінен соң бірін күйлерді төгеді дейсің. Әр күйді тартар алдында оның шығу тарихын айтып, оқиғасын күйдің тартылу барысында қосымша баяндап отырады. Ұмытылмай есімде қалып қойғаны «Ақ көбек - қара көбек» немесе «Жарбол» деп аталатын күй. Оқиғаны баяндай отырып, «Мынау екі қасқырдың құрбандарын көріп қуанып билегені», «Мынау байлаулы жатқан қыздың қасқырлардан қорқып Жарбол-ау атсаңшы деп жылағаны» деп тартқанда аталарым күрсініп, апаларым жылап отырушы еді.

Заманында бір рулы Ел Ас пен Тойға үкілеп апаратын ардақтысы, елдің рухани қажетін өтеген бетке ұстар күйшісі болған Тоқтарбай әкеміз адамның құнын берілген жоспарды орындау пайызымен ғана бағалайтын Қоғамда өз бағасын ала алмай шерменде болып қатын - қалаш пен бала - шағаның алдында бақалшы сәудегер кейіпінде ғана қалып қойғаны есіме түссе әлі күнге шейін ішімді удай ашытады.

Матай Елінің тағы бір дарынды азаматы жоқшылықтың зардабын тартып елеусіз ғана өмірден өткен еді. Жаныңыз жәннатта болғай Атеке.

Берікбол ҚАСЫМОВ.

● Т.КАЛИЛАХАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ!

## ТАРИХТАН ӨНЕТЕ АЛҒАН ТҰЛҒА

Биыл Жетісу өңірінің білікті журналисі, әдебиет зерттеушісі, тарихшысы, драматург жазушысы, сондай-ақ, Ақын Сараның өмірі мен шығармашылығын зерттеуші Таңерберген Қалилахановтың туғанына 110 жыл толып отыр. Өмірдің талай қиын қыстау өткелдерінен сүрінбей өтіп, халқына адал қызмет еткен қаламгер Таңерберген Қалилаханов 1916 жылы 16 сәуірде Сарқан ауданына қарасты Кесік құмындағы қыстауда дүниеге келген. Ол өмір есігін ашқанда әкесі Қалилахан Ресей патшасы солдаттарының соққысына жығылып, қайтыс болған көрінеді. Болашақ қаламгер 1928 - 1929 жылдары Бөрібай ауданының орталығы Көктеректе ашылған жетім балалардың бастауыш мектебінде оқыды. 1930 жылы Талғар ауданындағы ауылшаруашылық техникумына жолдама алған. Алайда 1932 жылдардағы ашаршылық ақынның оқуын қайта жалғастыруына мүмкіндік бермейді.

1934 жылы отырықшылдандыру үшін Тасарыққа көшірілген Садыр-Андағардың алғашқы ауылшаруашылық ұжымына - «Алғабас» артеліне еңбеккер жазатын есепші болып істейді.

Көкейіне өмірдің өткені ұялаған, жаңа заман лебін терең түсінген Таңерберген Қалилаханов 1935 жылы Ақсу аудандық «Ленин жолы» газетінде әдеби қызметкер, 1938 - 1939 жылдары тұңғыш құрылған Ақсу колхоз-совхоз театрының директоры болып тағайындалды.

Осылайша жаңа заманның жаршысы болып жүрген жас жігіт 1939 жылдың күзінде әскери қызметке шақырылып, Одесса қаласында жауынгерлік міндетін өтейді. Азаматтық парызын атқарған соң жазу-сызуға алаңсыз берілуді көздеген оның ойын зұлмат соғыс бұзады. Ұлы Отан соғысына бірінші күннен бастап қатысқан ол 72 батальонның құрамында Кишинев халқын эвакуациялауға қатысып, жалғыз өзі 20 жаудың көзін құртқан. Оңтүстік Батыс және үшінші Беларусь майдандарында өткеріп, соғысты 1945 жылдың көктемінде Кенигсберг қаласын алған Қызыл Армия жауынгерлерінің сапында аяқтайды. Ұрыстағы жауынгерлік ерліктері бағалаусыз қалған жоқ. «Германияны жеңгені үшін», «Кенигсбергі алғаны үшін», «Ерлігі үшін» медальдарымен, Бірінші және Екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталған.

Соғыстан соң 1955 жылдан бастап Алматыдағы Жоғарғы партия мектебін бітіріп, журналист мамандығына ие болған ол Ақсу-Қапал өңірінде аудандық партия ұйымында нұсқаушы, араға жылдар салып Қапал аудандық партия ұйымының хатшысы болып тағайындалады, Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетін басқарады.

Ол кісінің сүйікті жары Гүлбахару Кәукенбаева 1921 жылы зиялылар отбасында дүниеге келген. Сүйікті әйел, ардақты ана Т.Қалилахановтың жанында ақылшысы болып өмір бойы бірге жүрді. Сонау 1941-1945 Отан соғысы жылдарында Кенигсберг, Белоруссияға дейін барып, соғыстан бірге қайтты. Кейінгі жылдары отағасының көз жанары болып, он баланы дүниеге әкелген ардақты ана өлмес туындылардың дүниеге келуіне ақынға көмекші бола білген. Бүгінгі таңда өнегелі отбасынан таралған ұлағатты ұл бар, білімді де білікті қыздар бар. Балаларының кейбірі ғылым мен мәдениет саласында қызмет етеді.

Таңерберген Қалилаханов тынымсыз тірлік кешті. Соңғы жылдары қараңғылыққа тұмшаланып

жүрсе де көкейіндегі жазбаларды машинкаға өзі басып, шығармашылық ерліктің үлгісін көрсетті. Ақын өмір жолында 10 нан астам әдеби шығарма, драмалар, поэмалар жазған. Сонымен қатар 110 нан астам мақаласы жарияланған.

Еңбек ардагері өзінің еңбек ету кезеңінде қазақ халқының мәдени-тарихи өткенін зерттеуге орасан зор үлес қосқан. Ақын Сараны зерттеуді оның ел арасына шашырап кеткен шығармаларын жинақтаудан бастаған. 1980 жылы «Жазушы» баспасынан «Тордағы тоты» кітабына Сара өлеңдерінің біразы «Бес ғасыр» атты жинаққа енген. Сонымен қатар ақын Сараның мүшелтойына арналып жазылған, тарихи деректерге толы «Ақын Сара» атты туынды өмірге келді. Осы туынды драма театрының репертуарына енгізіліп, Жетісу сахнасында қойылды. Т.Қалилаханов Ақын Сараны көзі көрген кісілердің айтуы бойынша жинаған деректері негізінде «Ақын Сара» повесін жарыққа шығарды. Ақын Сараның артында қалған мұраларының ақыры болып есте қаларлықтай оның «Мен де балаңыз деп еске ал жұртым» деген тілегін ескеруісз қалмауына көп күш жұмсады. Сара Тастанбекұзының атында музейдің ашылуына, ақынның мүсінін жасалуына, оның туып-өскен жеріне қойылғанына, бүгінгі ұрпаққа ақынның аты мәңгі есте қалуына мол үлесін қосып кетті. Жазушының «Жалын» баспасынан «Ақын Сара», «Тордағы тоты», «Рауан» баспасынан «Шытырман шежірелер немесе тастағы жазулар», «Полиграфия» баспасынан «Абылай аманаты», «Соғыс сораптары», «Күй Дастан», т.б шығармалары жарық көрген.

Ұлт руханиятына сүбелі үлес қосқан қаламгердің шығармашылығын кеңінен насихаттау, өмір жолын жас буынға үлгі ету мақсатында Ақын Сараның мемориалды музейі қабырғасында арнайы экспозициялық бұрыш жасақталған. Ақын Сараның мемориалды музейі қорына ақынға қатысты алғашқы құнды дүниелер 2018 жылы қабылданып, сол жылы оның өмір жолынан сыр шертетін фотосуреттер жинағы ресми түрде музей сақтауына өтті. Ал 2022 жылы қаламгердің қыздары әке аманатына адалдық танытып, оның көзі тірісінде пайдаланған жеке бұйымдары мен тұрмыстық заттарын музейге табыстады. Осылайша, жәдігерлік мұра толықтырылып, экспозициялық қор мазмұны байи түсті. Бүгінде аталған құндылықтар музей төрінде сақталып, келушілерге ақынның өмірі мен шығармашылық өлемінен тереңірек мағлұмат беріп, рухани сабақтастықтың жарқын үлгісіне айналып отыр.

2026 жылы ақынның туғанына 110 жыл толуына орай Ақын Сараның мемориалды музейі еске алу кешін өткізді. 25 ақпан күні қаламгердің рухына тағзым ету мақсатында «Ұлт рухын ұлықтаған қаламгер» атты тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Шара барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылық мұрасы кеңінен насихатталып, өнегелі ғұмыры туралы мазмұнды баяндамалар жасалып, концерттік бағдарламамен жалғасты. Сонымен қатар ақынның жеке тұтынған заттары, фотосуреттері, қолжазбалары мен шығармалары негізінде «Мәдениет жолындағы елеулі еңбек» атты көрме жасақталды. Көрме келушілерге қаламгердің мәдениет пен руханият саласына қосқан зор үлесін танытып, оның бай мұрасын тереңірек танауға мүмкіндік берді.

Айдана ДОСЖАНОВА,  
Ақын Сараның мемориалды музейінің меңгерушісі.

## Мемлекеттік қызмет көрсету

Мемлекеттік қызмет көрсету – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Ол халықтың күнделікті өмірімен тікелей байланысты және мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтатын маңызды құрал болып табылады. Қызметтердің сапалы, қолжетімді және ашық түрде көрсетілуі – заманауи мемлекеттің басты көрсеткіші.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі қағидаттарына заңдылық, тең қолжетімділік, ашықтық, жеделдік және сапа жатады. Әрбір азамат әлеуметтік жағдайына, тұрғылықты жеріне немесе лауазымына қарамастан, мемлекеттік қызметтерді тең дәрежеде алуға құқылы. Сонымен қатар, қызмет көрсету барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу – басты талаптардың бірі.

Қызмет көрсету сапасын арттыруда мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен жауапкершілігі ерекше рөл атқарады. Олар азаматтармен тікелей жұмыс істейтін болғандықтан, әдептілік, сыпайылық және заң талаптарын сақтау маңызды. Осы мақсатта қызметкерлердің біліктілігін арттыру, оқыту және бақылау жүйелері үнемі жетілдіріліп отырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің басты қағидаттары – қолжетімділік, ашықтық, заңдылық және сапа. Азаматтар қызметтерді тең дәрежеде алуға құқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету – мемлекеттің халыққа деген нақты қамқорлығының көрінісі. Қызметтер



қаншалықты сапалы әрі тиімді көрсетілсе, қоғамның мемлекетке деген сенімі де соншалықты арта түседі. Сондықтан бұл саланы дамыту, жаңа технологияларды енгізу және азаматтардың ұсыныс-пікірлерін ескеру – уақыт талабы.

Мемлекеттік қызмет көрсету – халықтың өмір сапасын арттырып, мемлекетке деген сенімді күшейтетін маңызды сала.

**Найля ТАСБОЛАТОВА,**  
Қарақөз ауылдық округі әкімінің бас маман, іс жүргізушісі.

## Мемлекеттік қызмет – қоғам мүддесіне бағытталған нақты істер



Мемлекеттік қызмет – бұл белгілі бір мамандық атауы емес, ол мемлекет пен қоғам алдындағы нақты міндеттерді атқаруға бағытталған қызметтер жүйесі. Оның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоғамдық тұрақтылықты сақтау және халыққа сапалы қызмет көрсету. Бүгінде ауылдық деңгейде мемлекеттік қызметтің қолжетімділігін арттыру мақсатында

бірқатар жұмыстар атқарылуда. Соның бірі – ауылда құқық кабинеті жұмыс істейді. Аталған кабинетке ауыл азаматтары келіп, өздерін толғандырған мәселелер бойынша кеңес алып, қажетті қызметтерге сұраныс бере алады. Бұл тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттырып, мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Құқық кабинеті арқылы азаматтар әлеуметтік мәселелер, құжат рәсімдеу, мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі, өтініштер мен арыздарды заң талаптарына сай жолдау мәселелері бойынша ақпарат ала алады. Бұл өз кезегінде халық пен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты нығайта түседі. Жалпы мемлекеттік қызмет аясында әлеуметтік қолдау көрсету, инфрақұрылымды дамыту, абастандыру жұмыстарын ұйымдастыру, тұрғындардың өтініш – тілектерін қарау секілді маңызды қызметтер жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Әрбір атқарылған іс елдің дамуына және халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет – бұл ел игілігі үшін жасалатын нақты істердің жиынтығы. Ауылда құқық кабинетінің жұмыс істеуі – халыққа жақын, қолжетімді әрі тиімді мемлекеттік қызметтің айқын көрінісі.

**Г.АХМЕТОВА,**  
Ойтоған ауылдық округі әкімінің бас маман, іс жүргізушісі.

## 2026 ЖЫЛҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАЛАРЫНА ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУ ӨТКІЗУ

Ақсу ауданы бойынша тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналарымен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау төмендегі кесте бойынша жүргізіледі.

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР МАШИНАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУГЕ МЫНАДАЙ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНАДЫ:**

Заңды тұлға (не оның оның сенімхат бойынша өкілі)

1) Өтініш (көрсетілген нысан бойынша)

2) Теңгерімде тұрған машиналардың тізімі (маркасы, моделі, заводтық нөмірі, мемлекеттік нөмір белгісін көрсетіп)

3) Машинаға тіркеу құжаты (техникалық паспорт)

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР МЫНАДАЙ ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНАДЫ:**

жеке тұлға (не оның оның сенімхат бойынша өкілі)

1) Өтініш (көрсетілген нысан бойынша)

2) Машинаға тіркеу құжаты (техникалық паспорт)

**Қ.ТЛЕУБАЕВ,**

«Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ-нің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде техникалық жұмыстарын жүргізу маманы.

№	Округ атауы	Жауапты қызметкер	Өткізілетін мерзімі, уаыты
1	Есеболатов	Нұрахметов Б.	11.03.2026 сағ. 09.00-11.00
2	Қарасу	Тургамбаев М.	11.03.2026 сағ. 14.30-16.00
3	Б.Сырттанов	Сулейменов А.	13.03.2026 сағ. 09.00-11.00
4	Қарашілік	Сакмолдин Ж.	13.03.2026 сағ. 14.30-16.00
5	Қарақөз	Шайықов М.	17.03.2026 сағ. 09.00-11.00
6	Жаңалық	Сапарғалиев Р.	17.03.2026 сағ. 14.30-16.00
7	Ақсу	Дандыгулов Ш.	20.03.2026 сағ. 09.00-11.00
8	Ойтоған	Қалқаманұлы Е.	20.03.2026 сағ. 14.30-16.00
9	Қапал	Жарас Ж.	25.03.2026 сағ. 09.00-11.00
10	Көшкентал	Алдабергенов О.	25.03.2026 сағ. 14.30-16.00
11	Арасан	Ниязов Р.	27.03.2026 сағ. 09.00-11.00
12	Суықсай	Саурыков К.	27.03.2026 сағ. 14.30-16.00
13	Молалы	Хаймұлданов Е.	31.03.2026 сағ. 09.00-11.00
14	Қызылағаш	Досмаков Н.	31.03.2026 сағ. 14.30-16.00
15	Матай	Мусагулов Р.	01.04.2026 сағ. 09.00-11.00
16	Егінсу	Диханбаев С.	01.04.2026 сағ. 15.00-17.00
17	Жансүгіров	Мусабаланов И	07.04.2026 сағ. 09.00-11.00

Жоғарыда аталған округтер әкімдеріне ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу ескертіледі.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ, ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ТӨНГЕН ҚАУІП

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін, қоғамның сенімін әлсірететін, әділеттілік қағидаттарына нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Ол тек экономикалық шығындарға ғана емес, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігіне де тікелей әсер етеді. Әсіресе төтенше жағдайлар саласында адалдық пен әділдік қағидаттарының сақталуы – адам өмірінің қауіпсіздігімен өлшенетін аса маңызды міндет.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып айқындалған. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіп, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларды жүзеге асыруда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында әділетті қоғам құру, заң үстемдігін қамтамасыз ету және «Адал азамат» қағидатын орнықтыру мәселелеріне ерекше назар аударып келеді.

Төтенше жағдайлар саласы – халықпен тікелей жұмыс істейтін, қауіп-қатердің алдын алу мен зардаптарын жоюға жауапты құрылым. Бұл салада әрбір қызметкердің кәсіби біліктілігімен қатар, жоғары адамгершілік қасиеті, заңға адалдығы шешуші рөл атқарады. Себебі біздің әрбір әрекетіміз азаматтардың өмірі мен денсаулығына әсер етеді. Сондықтан кез келген заң бұзушылыққа, қызметтік өкілеттікті теріс пайдалануға немесе жеке мүддені қоғам мүддесінен жоғары қоюға жол берілмеуі тиіс. Сыбайлас жемқорлықтың алдын

алу – тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, ол бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әрбір мемлекеттік қызметші өз ісіне адал болып, қызметтік этиканы қатаң сақтауы қажет. Ашықтық, есептілік, әділдік – біздің басты ұстанымдарымыз болуы тиіс. Қоғам тарапынан бақылау мен сенім артқан сайын, мемлекеттік органдардың жұмысы да нәтижелі бола түседі.

Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары, қызметтік әдеп нормаларын сақтау бойынша жиындар, ішкі бақылау тетіктері тұрақты түрде жүргізіледі. Қызметкерлер арасында заң талаптарын түсіндіру, парасаттылық мәдениетін қалыптастыру – басты назарда.

Біз үшін ең маңыздысы – халықтың сенімі. Сенім – бір күнде қалыптаспайды, ол жылдар бойы адал еңбекпен, әділ шешімдермен, ашық қызметпен нығаяды. Егер әрбіріміз өз ісімізге жауапкершілікпен қарап, заң мен ар-ождан талаптарын биік қойсақ, сыбайлас жемқорлыққа орын қалмайды.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен күрес – бұл тек заң талабы ғана емес, бұл – ар-намыс талабы. Әділетті қоғам құру жолында әрқайсымыздың қосар үлесіміз бар. Адал қызмет – елге қызмет. Ал елге қызмет ету – әрбір азамат үшін абыройлы міндет.

**Медет ЕРКІНОВ,**  
Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға анықтаушысы, Азаматтық қорғау майоры.

## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ – ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАСЫ



Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің экономикалық дамуына кері әсер ететін, қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін әлсірететін қауіпті құбылыс. Әсіресе қаржы саласында ашықтық пен заңдылықтың сақталуы – ел тұрақтылығының негізгі кепілі. Сондықтан қазынашылық жүйесінде адалдық пен жауапкершілік қағидаттары әрдайым басты орында тұруы тиіс.

Бүгінгі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып, алдын алу шараларын күшейтіп, ашықтық мәдениетін қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар атқаруда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әділетті қоғам құру жолында заң үстемдігін қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі екенін атап көрсетіп келеді.

Қазынашылық басқармасы – бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді игерілуін қамтамасыз ететін маңызды буын. Бұл салада әрбір шешім, әрбір қаржылық операция заң талаптарына толық сәйкес жүргізілуі тиіс. Себебі мемлекеттік қаражат – халықтың аманы. Оны басқарудағы кез келген әділетсіздік

немесе заңсыз әрекет мемлекет мүддесіне нұқсан келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – тек бақылау мен тексеру шараларымен шектелмейді. Ол ең алдымен ұжымдық мәдениет пен қызметтік әдепті сақтаудан басталады. Ақсу аудандық қазынашылық басқармасында қызметкерлер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметшінің әдеп кодексін сақтау мәселелері тұрақты назарда. Ашықтық пен есептілік – біздің жұмысымыздың негізгі қағидаттары.

Қаржы саласындағы цифрландыру үдерісі де ашықтықты қамтамасыз етудің тиімді тетігіне айналды. Электронды жүйелердің енгізілуі адами фактордың ықпалын азайтып, шешім қабылдау процесінің айқын болуына мүмкіндік береді. Бұл – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің маңызды жолдарының бірі.


Әрбір мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген міндеттің маңызын терең түсінуі тиіс. Адалдық – тек кәсіби талап емес, бұл – азаматтық ұстаным. Егер біз өз жұмысымызда заң мен әділдік қағидаттарын берік ұстансақ, қоғамның сенімі де арта түседі.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршамызға ортақ іс. Мемлекеттік қаржының ашық әрі тиімді басқарылуы – ел дамуының кепілі. Адал еңбек пен жоғары жауапкершілік қана бізді биік мақсаттарға жетелейді. Әділетті қоғам құру жолында әрбіріміздің қосар үлесіміз бар.

**М.МҰСАНОВ,**  
Ақсу аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.

# Мерекелік бет!

## Нәзіктік пен Парасат мерекесі: Әлемнің ажары – Әйел



Көктемнің алғашқы күндерімен бірге жер-дүние жаңғырып, табиғат ана ояңған шақта біз ең игілікті мереке — 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнін атап өтеміз. Бұл күн — сұлулық пен нәзіктіктің, жылылық пен мейірімнің символы. Әйел — қоғамның тірегі. Тарихтың қай кезеңінде болмасын, әйел заты отбасының

берекесі ғана емес, бүкіл қоғамның қозғаушы күші болып келеді. Халқымыз «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деп бекер айтпаған. Бүгінгі таңда нәзік жандылар мемлекеттік қызметте де, ғылым мен білімде де, бизнес пен өндірісте де ерлермен иық тіресе қызмет етіп, ел дамуына өлшеусіз үлес қосуда.

Ана — өмірдің бастауы. Бұл мерекенің ең биік шыңы — Анаға деген құрмет. Түн ұйқысын төрт бөліп, ұрпақ тәрбиелеп, ұлтына қызмет етер азаматтарды өсіріп отырған аяулы аналарымыздың еңбегі ерен. Ананың мейірімі — әлемді жылытатын ең ұлы қуат. Сондықтан бұл күн — бізді өмірге әкелген, қанаттыға қақтырмай өсірген асыл жандарымызға тағы бір мәрте алғыс айтудың тамаша сәті.

**ІЗГІ ТІЛЕК**  
Қымбатты аналар, аяулы апақарындастар, қадірлі арулар! Сіздерді көктемнің осынау шуақты мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің күлкілеріңіз әлемді нұрландырып, әр шаңыраққа бақыт сыйлай берсін. Денсаулықтарыңыз мықты болсын; Көңілдеріңізге кірбің түспей, жүздеріңізден нұр кетпесін; Еңбектеріңіз жемісті, отбасыларыңыз аман болсын!

**А.АБАЕВ,**  
**Суықсай ауылдық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.**

### Құттықтаймыз!



Адам өміріндегі алпыс жас – асқар таудай айбынды белес, кемелдік пен парасаттың, тәжірибе мен төзімнің тоғысқан шағы. Осы мерейлі мерекеге орай, «Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ ұжымы ардақты әріптесіміз **Қуаныш ТЛЕУБАЕВТІ** шын жүректен құттықтайды!

Қуаныш Тлеубаев – мемлекеттік қызметтің жауапты саласында абыроймен еңбек етіп келе жатқан білікті маман. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде техникалық жұмыстарды сапалы әрі уақытылы ұйымдастыру – үлкен ұқыптылық пен кәсіби шеберлікті талап етеді. Осы бағытта Сіздің тиянақтылығыңыз бен жауапкершілігіңіз бөлім жұмысының тұрақты әрі жүйелі жүруіне берік негіз болып келеді. Сіз – ұжым ішінде сабырлы мінезіңізбен, қарапайымдылығыңызбен, әр іске байыппен қарап,

нақты шешім қабылдай білетін қасиетіңізбен ерекше құрметке ие жансыз. Жас мамандарға бағыт - бағдар беріп, тәжірибеңізбен бөлісіп, әрдайым қолдау көрсетіп жүретін қамқор әріптес ретінде де қадіріңіз бөлек.

Көп жылғы адал еңбегіңіздің нәтижесі – ел сенімі мен әріптес ықыласы. Бұл – нағыз кәсіби маманға берілер ең үлкен баға.

Осы айтулы күні Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен ырыс - береке тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, абырой биігінен түспей, әр күніңіз шаттық пен шуаққа толы болсын! Мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік болғай! Бүгінгі күн - бөлектеу күн, маңызды,

Маңыздысы - бүгін туған жан ізгі!  
Алпыс мәрте Күнді айналған жұмыр Жер, Сізге бақыт тілеп тұрған тәрізді. 60 жаста Тлеубаев Қуаныш, Ақыл - қайрат тасқындаған бұла күш, Бәрі сенің өн - бойыңнан табылар, Сол қасиет сыйлай берсін қуаныш.  
Ренжітпей үлкенді де, кішіні – Жүрегімен түсінетін кісіні. Мынау өмір жұмақ болып кетер ед, Сіздей болса бар адамның пішіні.  
Қарапайым қалпын сақтап биіктік, Ұл – қызы мен отанасын иітіп. Өке болып, асқар тау боп отырсыз, Бір әулетті ұйытқыдай ұйытып. **ІЗГІ ТІЛЕКПЕН,** «Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» ММ ұжымы.

## СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



2026 жылғы 28 қаңтар күні Ойтоған округінде бұқаралық спортты дамыту мақсатында «Спорт – денсаулық кепілі» атты қысқы ойындардан жарыс ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындары мен жасөспірімдер белсене қатысқан бұл шара нағыз спорт мерекесіне айналды. Жарыстың ашылу салтана-

тында ауыл әкімі құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілесе, мекеме басшылары жас спортшыларға жеңіске жету жолында табыс пен жігер тіледі. Сайыс бағдарламасына шаңғы, коньки және шанамен топтық жарыстар енгізіліп, қатысушылар өзара бақ сынады. Әсіресе, коньки тебу сайысы көрермендерге ерекше әсер сыйлап, тартысты өтті.

Қыздар арасында коньки тебуден:

- I орын – Ергали Назерке,
- II орын – Төлетаева Айдана,
- III орын – Тұрысбекова Сезім иеленді.

Ұлдар арасында:

- I орын – Берікхан Асфандияр,
- II орын – Советбек Дінмұханбет,
- III орын – Ермұханұлы Ердаулет жеңімпаз атанды.

Ал шанамен топтық жарыста:

- I орын – 8-сынып,
- II орын – 9-сынып,
- III орын – 10-сынып және 7-сынып командаларына бұйырды.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен және мақтау қағаздарымен марапатталды. Бұл спорттық шара ауыл жастарын салауатты өмір салтына баулып, қысқы спорт түрлеріне деген қызығушылықты арттыра түсті.

**Ұлан ЖЕСЕКБАЕВ,**  
**Ойтоған ауылдық округінің спорт нұсқаушысы.**

### ХАБАРЛАНДЫРУ!

16.04.2026 жылы, сағат 10-00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылы, М.Алыбаев көшесі 7 мекен жайында ««Жетісу облысы Ақсу ауданында орналасқан, ауданы 3,7 га болатын «Безымянный» кен орнында кварц-далашпатты жыныстарды өндіру кезінде бұзылған жерлерді рекультивациялау бойынша жұмыс жобасы» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 927 990 3131, қатынау коды: bbNб3г. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы «БЕЗЫМЯННОЕ» ЖШС, Талдықорған қ., Щорс көшесі, 33, БСН 170240005030, тел. 87015201053, e-mail: 7015201053@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайына жолдауға болады. priroda@zhetysu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к-сі 26.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ!

16.04.2026 г. в 10:00 часов, по адресу область Жетісу, Аксуский район, с.Капал, ул. М.Алыбаева 7 будит проводиться общественные слушания по проекту «Рабочий проект рекультивации нарушенных земель при добыче кварц-полевошатовых пород на месторождении «Безымянный», площадью -3,7 га, расположенного в Аксуском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 927 990 3131, Код доступа: bbNб3г. Инициатор намечаемой деятельности ТОО «БЕЗЫМЯННОЕ», г. Талдықорған, ул. Щорса, 33, БИН 170240005030, тел. 87015201053, e-mail: 7015201053@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта Курманғалиев Р.А., тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetysu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г. Талдықорған, ул. Кабанбай Батыра 26.

БАСПАСӨЗ - 2026

## АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті Құрылтайшы, директор - бас редакторының міндетін уақытша атқарушысы **СЫМХАНОВ ЕРБОЛ ӘБДІКӘРІМҰЛЫ**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІң МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде  
Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2536

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.  
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru  
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz  
Индекс: 65750  
Офсеттік басылым көлемі 26 т.